

Хаттама

22.10.2024 жылы күні Балбөбек жекеменшік шағын орталығында 25-қазан Республика күніне арналған мерекелік іс-шара болды.

Қатысқандар:

Балабақша директоры: Мусаева С.Р

Балабақша әдіскері : У.Г Нурмухамметова

Тәрбиешілер: 6

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

№1 «Күн шуақ» кіші тобы 25 қазан Республика күні!» Мендыгулова А

№2 «Балбөбек» ортаңғы тобы: «Менің Отаным!» Самурадова Р

№3 «Ботақан» ересек тобы: Тақырыбы: «Жырлаймын Отаным!» Қарасаева А

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі Мендыгулова А іс-әрекеті бойынша тәрбиеші Қарасаева А сөз сөйледі. Балалар бүгінгі іс-әрекетке жақсы қатысты. Жақсы киінген. Балалар сұрақтарға жақсы жауап беріп тұр. Балалар балабақша жаңадан келгеніне қарамай сұрақтарға жауап берді.

Шағын орталығымыздың әдіскері Нурмухамметова У: Балалар жақсы киінген, тақпақтарын орындап тұр. Тәрбиешінің сұрақтарына толық жауап берді. Іс әрекет жақсы өтті.

№3 «Ботақан» тобы тәрбиешісі Қарасаева А: №2 «Балбөбек» ортаңғы тобы: Тәрбиеші сергіту сәтін де тақырыпқа сай алған. Тек іс әрекет соңында мадақтау аз болды.

Балабақша әдіскері У.Г Нурмухамметова: №1 «Күншуақ» тобы тәрбиеші Мендыгулова бүгінгі іс-әрекетіңіз жақсы өтті, балалар жақсы киінген. Балалардың сабаққа деген қызығушылығы жақсы. Баланы көбірек мақтап, мадақтау керек.

Күн тәртібіндегі бойынша әдіскер У.Г Нурмухамметова №2 «Балбөбек» тобы тәрбиеші Самурадова бүгінгі іс әрекетке құрған жоспарың жақсы. Бірақ балаларға түсіндіргенде жылдам сөйлейсің. Менің ойымша балалар сенің айтқан әңгімелеріңе түсінбей қалған сияқты. Өзінді дұрыс сөйлей білуге тәрбиелеу керек.

Шағын орталығының директоры Мусаева С: Бірінші оқу іс-әрекет бойынша интерактивті тақтамен жұмыс жасаған кезде жоспар бойынша салу керек. Балаға көрсететін материалдар түсінікті, анық болу керек.

Екінші оқу іс-әрекет бойынша жоспар жақсы құрылған. Баламен байланыс аз болды. Баланы аз сөйлетті. Сұрақтың жауабын жеке жеке сұрау керек.

Үшінші мәнелеп оқу сайысы бойынша жоспардың құрылымы жақсы. Балалар тақпақтарын жақсы мәнерлеп айтып шықты.

Шешімі:

1 «Күн шуақ» кіші тобы 25 қазан Республика күні!» Мендыгулова А өткізген іс әрекеті «жақсы» деп бағалансын!

№2 «Балбөбек» ортаңы тобы: «Менің Отаным!» Самурадова Р өткізген іс әрекеті «жақсы» деп бағалансын!

№3 «Ботақан» ересек тобы: Тақырыбы: «Жырлаймын Отаным!» Қарасаева А мәнерлеп оқу сайысы «жақсы» деп бағалансын!

Төрайымы:

Хатшы:



С.Р. Мусаева

У. Г. Нурмухамметова

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
Шағын орталығының
Әдіскері:

 У.Г. Нурмуханметова

«22» 10 2024ж

Тақырыптық оқу іс-әрекеті:

Тақырыбы: «25-Қазан Республика күні!»



Тәрбиешісі: Мендыгулова А

2024ж

Тәрбиеші:

Сәлем, балалар! Бүгін біз еліміздің ең маңызды мерекелерінің бірі – Қазақстан Республикасының күніне арналған мерекелік шара өткіземіз! Біздің еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін тойлау үшін жиналдык.

1. Тәуелсіздік туралы Әңгіме

(Тәрбиеші балаларға Тәуелсіздік туралы қысқаша әңгімелеп береді.)

Тәрбиеші:

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялады. Бірақ Республика күні 25 қазанда, яғни 1990 жылы біздің еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданған күні аталып өтеді.

2. Қазақстан Туы мен Елтаңбасы

(Балалар Қазақстанның туы мен елтаңбасын көрсетеді.)

Тәрбиеші:

Біздің еліміздің туы мен елтаңбасы – патриотизмнің символы. Туымыз көк түсті, ал Елтаңбамызда қанатты барыс бейнеленген. Олар біздің ұлттық болмысымызды көрсетеді.

3. Патриоттық Ән

(Балалар «Менің Қазақстаным» әнін орындайды.)

Тәрбиеші:

Енді, балалар, «Менің Қазақстаным» әнін орындаймыз. Бұл ән – елімізге деген сүйіспеншіліктің көрінісі.

4. Ойын

(Балаларға «Кім жылдам?» ойынын өткізу.)

Тәрбиеші:

Енді ойын ойнайық! «Кім жылдам?» ойынында мен сұрақтар қойғанда, сіздер жауап берулеріңіз керек.

5. Сыйлықтар

(Балаларға кішкентай сыйлықтар тарату.)

Тәрбиеші:

Мерекелік шарамыздың соңында, әрбір балаға кішкентай сыйлықтар береміз. Бұл – еліміздің болашағы – сіздерге деген алғысымыз!

6. Қорытынды

(Балалар қайтадан сахнаға шығып, Қазақстан туралы қорытынды сөздерді айтады.)

Тәрбиеші:

Бүгінгі шарамызды қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының күнімен баршаңызды құттықтаймын! Біздің еліміздің болашағы жарқын, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

(Музыка ойналып, балалар сахнадан шығып кетеді.)



«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
Шағын орталығының

Әдіскері:
 У.Г. Нурмуханметова

«12» 10 2024ж

Тақырыптық оқу іс-әрекеті:

Тақырыбы: «Менің Отаным!»



Тәрбиешісі: Самурадова Р

2024ж

Тәрбиеші:

Сәлем, балалар! Бүгін біз еліміздің ең маңызды мерекелерінің бірі – Қазақстан Республикасының күніне арналған мерекелік шара өткіземіз! Біздің еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін тойлау үшін жиналдык.

1. Тәуелсіздік туралы Әңгіме

(Тәрбиеші балаларға Тәуелсіздік туралы қысқаша әңгімелеп береді.)

Тәрбиеші:

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялады. Бірақ Республика күні 25 қазанда, яғни 1990 жылы біздің еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданған күні аталып өтеді.

2. Қазақстан Туы мен Елтаңбасы

(Балалар Қазақстанның туы мен елтаңбасын көрсетеді.)

Тәрбиеші:

Біздің еліміздің туы мен елтаңбасы – патриотизмнің символы. Туымыз көк түсті, ал Елтаңбамызда қанатты барыс бейнеленген. Олар біздің ұлттық болмысымызды көрсетеді.

3. Патриоттық Ән

(Балалар «Менің Қазақстаным» әнін орындайды.)

Тәрбиеші:

Енді, балалар, «Менің Қазақстаным» әнін орындаймыз. Бұл ән – елімізге деген сүйіспеншіліктің көрінісі.

4. Ойын

(Балаларға «Кім жылдам?» ойынын өткізу.)

Тәрбиеші:

Енді ойын ойнайық! «Кім жылдам?» ойынында мен сұрақтар қойғанда, сіздер жауап берулеріңіз керек.

5. Сыйлықтар

(Балаларға кішкентай сыйлықтар тарату.)

Тәрбиеші:

Мерекелік шарамыздың соңында, әрбір балаға кішкентай сыйлықтар береміз. Бұл – еліміздің болашағы – сіздерге деген алғысымыз!

6. Қорытынды

(Балалар қайтадан сахнаға шығып, Қазақстан туралы қорытынды сөздерді айтады.)

Тәрбиеші:

Бүгінгі шарамызды қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының күнімен баршаңызды құттықтаймын! Біздің еліміздің болашағы жарқын, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

(Музыка ойналып, балалар сахнадан шығып кетеді.)



«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері  Нурмухамметова У.Г



Мәнерлеп оқу сайысы
Тақырыбы : «Жырлаймын Отанымды!»

Өткізген №3 «Ботакан»
ересек тобының тәрбиешісі
Қарасаева А.М

2024 – 2025 ж

Жырлаймын Отанымды!

(Мәнерлеп оқу сайысы)

Мақсаты: Егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақты туған жерін, елін сүйуге,

Отанын қорғай білуге тәрбиелеу, балалардың тілін дамытып, сөздік қорларын молайту және есте сақтау қабілеттерін нығайту.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар, бүлдіршендер сіздерді еліміздің Республика күні мерекесімен құттықтаймыз! Айтулы мерекеге орай ұйымдастырылған патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу сайысына қош келдіңіздер.

Бала біткен дос бауыр,

Болмасын еш тосқауыл - деп ортаға сайысқа қатысатын бүлдіршіндерді шақырамыз. (Залға музыка әуенімен кірген балалар еліміздің Әнұранын орындайды).

-Сайысымызды бастамас бұрын әділқазылар алқасымен таныс болайық. (Әділқазылар алқасы таныстырылады)

Қасым: Ақжайық, Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Жерімнің дәні маржандай.

Қырманы асқар таулардай,

Республикама қарашы!.

Шолсаңда биік аспаннан

Республикама қарашы!

Шырқаған сайын тірегі,

Республикама қарашы

Жаиерке: «Туған өлке» (Өтебай Тұрманжанов)

Көгінде күн нұрын төккен,

Жерінде гүл жұпар сепкен.

Неткен сұлу, неткен көркем!

Осы менің туған өлкем.

Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туган өлкем.

Әлипұр: «Тәуелсіздік» (Гаухар Әбдірасылқызы)

Тәуелсіздік ұранамыз,
Біз келешек ұланамыз.
Көкке ұшар әсем шарлар,
Біз қазақтың қыранамыз.
Мәңгі, мәңгі, мәңгі айтылар,
Біз халықтың жыр әніміз.
Астанадай қаласы бар,
Болашақтың сыр, сәніміз.
Әркез жанып, таусылмайтын,
Біз Отанның шырағымыз.
Талмайтұғын қос қанатты,
Ата-баба пырағымыз.

Айзада: Отан (Ермек Өтетілеуов)

Отаным менің Қазақстан
Қарызбын саған әрқашан
Азаматтық борышты
Өтеуге мәңгі талпынам
Найзаның ұшымен қорғаған.
Халқым менің мықтығой
Ата бабам әрқашан,
Салт-дәстүрін сақтаған

Алижан: Мен- қазақтың баласы

Байтақ жатқан даласы,
Батыр болған бабасы,

Ақ пейілді, ақылды
Мен- казактың баласы!
Атын жаттап өсемін
Анызымен атанын,
Дархан дала, кең дала
Менің туған Отаным!
Сүйем ана тілімді
Үйренемін білімді
Аямаймын елімнен
Көңілдегі нұрымды!
Ұланымын даланың
Таудай үлкен даланың
Ай-әлемге талпынып,
Қанатымды қағамын
Аяла: Отан (Бүркіт Ысқақов)

Отан сенің ата-анаң,
Отан досың, бауырың.
Отан өлкең, астанаң
Отан аудан, ауылың.
Отан –тарих, Отан тіл,
Жасаған елің, өз халқың.
Отан-өлең, Отан- жыр,
Көтерген көкке ел даңқын.

Жүргізуші:

Отан – сөнбес күніміз,
Отан-туған жеріміз.
Отан- ортақ үйіміз,
Отан ән мен күйіміз.

Жүргізуші: Бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз. 25-Қазан Республика күні құтты болсын! Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын!

Ендігі сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз. Әділқазылар алқасының шешімімен, - «Жас өнерпаз», «Балабақша мақтанышы», - «Белсенді бүлдіршін», - «Көркемсөз шебері», «Тәуелсіз елдің бүлдіршіні» «Жас талант» номинациялары бойынша марапатталу рәсіміне кезек берейік.

